

Қазақстан Республикасы қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Қазақстан Республикасында банктерді мәжбүрлеп тарату ережесін бекіту туралы" 2006 жылғы 25 ақпандағы N 40 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007 жылғы 30 наурыздағы N 58 Қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2007 жылғы 30 сәуірдегі Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 4654 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2020 жылғы 30 қарашадағы № 114 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 30.11.2020 № 114 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Банктерді мәжбүрлеп таратуды жүзеге асыру тәртібін анықтайтын нормативтік құқықтық кесімдерді жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасы

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Агенттік Басқармасының "Қазақстан Республикасында банктерді мәжбүрлеп тарату ережесін бекіту туралы" 2006 жылғы 25 ақпандағы N 40 қаулысына (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4181 тіркелген, Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілерінің бюллетенінде жарияланған, 2006 жыл, N 9-10, 219-құжат) мынадай толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулының 1-қосымшасында:

Қазақстан Республикасында банктерді еріксіз тарату ережесінде:

26-тармақтың бесінші абзацы "жасалған" деген сөзден кейін "(жоспарланған)" деген сөзбен толықтырылсын;

30-тармақта:

бірінші абзацта:

"мен" деген сөзден кейін "(немесе)" деген сөзбен толықтырылсын;

"үш" деген сөз "он" деген сөзбен ауыстырылсын;

"нақты қанағаттандыру" деген сөздер "қанағаттандыру үшін нақты өндірілген каражат" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Қосымша төлемдерді тағайындау тәртібі және талаптары тарату комиссиясы мен кредиторлар комитеті арасында жасалатын келісімде белгіленеді.";

31-тармақтың екінші абзацы мынадай сөздермен толықтырылсын ", оны тарату комиссиясының төрағасы бекітеді";

34-тармақта:

5) тармақшадағы "." деген тыныс белгісі ";" деген тыныс белгісімен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 6) тармақшамен толықтырылсын:

"6) жанар-жағар май материалдарын сатып алу.";

38-тармақтың екінші абзацындағы "тарату комиссиясы бөлімшелерінің қызметін оларды шоғырландырылған тарату шығыстарының сметасына енгізу үшін тарату комиссиясы бөлімшелерінің бөлігінде үйлестіреді" деген сөздер "тарату шығыстарының сметасын жасау бойынша тарату комиссиясы бөлімшелерінің қызметін үйлестіреді және тарату комиссиясының бөлімшелері бойынша шығыстар бөлігінде шоғырландырылған тарату шығыстарының сметасын қалыптастыруды қамтамасыз етеді" деген сөздермен ауыстырылсын;

88, 89-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"88. Тарату массасын, конкурстық массаны қалыптастыру кезінде оған үшінші тұлғаларға тиесілі және сақтау мен есепке алу үшін кастодиан-банкке сеніп тапсырылған бағалы қағаздар, сондай-ақ есепке алу және сақтау үшін банкке сеніп тапсырылған немесе оның қаржы құралдарына орналастырылған жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтері, инвестициялық қорлардың активтері, арнайы қаржы компанияларының бөлінген активтері енгізілмейді. Зейнетақы активтері, инвестициялық қордың активтері, арнайы қаржы компаниясының бөлінген активтері жинақтаушы зейнетақы қорының, акционерлік инвестициялық қордың, арнайы қаржы компаниясының немесе инвестициялық пай қорын басқарушы компанияның өтініші бойынша басқа банкке аударылады.

Тарату массасына таратылатын банк меншік құқығымен иеленбейтін, оның ішінде сенімгерлік басқаруға немесе сақтауға берілген мүлік енгізілмейді.

89. Банктің тарату конкурстық массасына Қазақстан Республикасының секьюритилендіру туралы заңнамасына сәйкес шығарылған облигациялар бойынша қамтамасыз ету болып табылатын бөлінген активтер және ипотекалық облигациялар бойынша мынадай қамтамасыз ету болып табылатын кепіл мүлкі: ипотекалық тұрғын үй қарызы шарттары бойынша талап ету құқықтары (ипотекалық куәліктерді қоса алғанда), сондай-ақ аталған облигацияларды

ұстаушыларда оларға меншік құқығы туындаған немесе оларға мәмілелер не Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген өзге де негіздер бойынша ауысқан жағдайларда Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары енгізілмейді. Тарату комиссиясы аталған мүлікті және Қазақстан Республикасының секьюритилендіру туралы заңнамасына сәйкес шығарылған облигациялар бойынша қамтамасыз ету болып табылатын бөлінген активтерді Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасына сәйкес кредиторлармен - аталған облигацияларды ұстаушылармен есеп айырысу үшін ипотекалық облигацияларды немесе Қазақстан Республикасының секьюритилендіру туралы заңнамасына сәйкес шығарылған облигацияларды ұстаушылардың өкіліне береді.";

115-тармақтың екінші абзацы "кредиторлары арасында" деген сөздерден кейін "кредиторлар талаптарының тізіліміне сәйкес" деген сөздермен толықтырылсын;

125-тармақ мынадай мазмұндағы үшінші абзацпен толықтырылсын:

"100 айлық есептік көрсеткіштен кем бағалау құны бар банктің мүлкі тек қана бағалау құнынан кем емес баға бойынша осы мүлікті сатып алатын тұлғалар болмаған жағдайда және кредиторлар комитеті мүлікті сату бағасын бекіткенде бағалау құнынан кем болатын баға бойынша сатылуы мүмкін.";

136-тармақтағы "аукцион басталғанға дейін бес күннен кешіктірмей" деген сөздер алынып тасталсын.

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

3. Қаржы ұйымдарын тарату департаменті (Г.А. Бахтиярова):

1) Заң департаментімен (М.Б. Байсынов) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қолға алсын;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он күндік мерзімде оны Агенттіктің мүдделі бөлімшелеріне, мәжбүрлеп таратылатын банктердің тарату комиссияларына жіберсін.

4. Халықаралық қатынастар және жұртшылықпен байланыс бөлімі осы қаулыны Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау шараларын қолға алсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Агенттік Төрағасының орынбасары Е.Л. Бахмутоваға жүктелсін.

Төраға

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК